

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойғал*

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 19 тамыздағы № 12 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 тамызда № 6894 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 5 желтоқсандағы № 18 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің 05.12.2019 № 18 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

“Ветеринария туралы” Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 101-бабының 7) тармақшасына сәйкес және “Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрілігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Жалағаш аудандық аумақтық инспекциясы” мемлекеттік мекемесінің басшысының 2019 жылғы 17 маусымдағы № 282 ұсынуы негізінде, Таң ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Таң ауылдық округінің аумағында мүйізді ірі қара және ұсақ малдардың арасында бруцеллез ауруы пайда болуына байланысты Таң ауылы мен Жаңақоныс елді мекенінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Таң ауылдық округінің әкімі*

*А.К.Байнахатов*